

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 1089 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 161-1-баппен толықтырылсын:

"161-1-бап. Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаудан бас
т а р т у

Сауда операцияларын (қызметтер көрсетуді) жүзеге асыру кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, оларды қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсетуші) ұйымдарының төлемдерді қабылдаудан бас тартуы, -
жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 170-1-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацында "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 174-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацында "дер кезінде" деген сөздер " жүзеге асырмау, сол сияқты дер кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 193-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "орналастыру" деген сөзден кейін "және (немесе) өтеу" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 196-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"196-бап. Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олар бойынша құқықтарды есепке алу және растау тәртібін бұзу

Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін немесе номиналды ұстаушыларды есепке алу жүйесін жүргізу тәртібін бұзуы, сол сияқты бағалы қағаздар бойынша қылмыстық жаза қолданатын әрекет белгілері жоқ құқықтарды растау тәртібін бұзуы, -

заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 197-баптың тақырыбында және бірінші абзацында "орналастыру және өтеу" деген сөздер "орналастыру және (немесе) өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 354-2-баппен толықтырылсын:

"354-2-бап. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау тәртібін бұзу

Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялаудың заңнамада белгіленген тәртібін бұзу -

өнімдердің таралымы тәркілене отырып, не онсыз заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) мынадай мазмұндағы 522-1-баппен толықтырылсын:

"522-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне кедергі жасау

1. Мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарының азаматтардың өтініштерін қарау үшін қажетті мәліметтерді ұсынбауы не ұсынудан бас тартуы, кідіріссіз қабылдауда болу құқығын бұзу, қызметтік куәлігін көрсетіп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруінен, бас бостандығынан айыру орындарына жіберуден бас тартуы, сол сияқты Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің заңды қызметіне кедергі болатын өзге де әрекеттер жасауы арқылы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне кедергі жасауы, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне оның шешіміне ықпал ету мақсатында араласу -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға екі жүзге дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.";

9) 551-баптың екінші бөлігінде "әділет басқармаларының" деген сөздер "аумақтық әділет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) мынадай мазмұндағы 566-1-баппен толықтырылсын:

"566-1-бап. Лицензиарлар болып табылатын органдар

1. Лицензиарлар болып табылатын органдар заңнамаға сәйкес осы Кодекстің 139-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарауға және әкімшілік жаза қолдануға лицензиар болып табылатын органның басшысы және оның орынбасарлары құқылы.";

11) 570-1-баптың бірінші бөлігінде:

"161 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 161-1" деген сандармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"166" деген сандардан кейін ", 169-1" деген сандармен толықтырылсын;

12) 573-баптың бірінші бөлігі:

"88 (бірінші бөлік)" деген сөздерден кейін ", 139 (бірінші бөлік)" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"170" деген сандардан кейін ", 170-1" деген сандармен толықтырылсын;

13) 630-баптың бірінші бөлігінде "467-471, 470 (үшінші бөлігі)" деген сөздер "467-469, 470 (бірінші және екінші бөліктері), 471" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:
екінші абзац "521" деген сандардан кейін ", 522-1" деген сандармен толықтырылсын ;

жи ы р м а т ө р т і н ш і а б з а ц :

"138" деген сандардан кейін ", 139 (екінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"167-1 (екінші және үшінші бөлімдері)" деген сөздерден кейін ", 184" деген с а н д а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

жиырма жетінші абзац "154-157" деген сандардан кейін ", 168-1" деген сандармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

жиырма тоғызыншы абзац "354" деген сандардан кейін ", 354-2" деген сандармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

қырық бірінші абзац алынып тасталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті